



**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ – IQAA**

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ҮШІН
ЕСЕБІ**

БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ АКРЕДИТТЕУ

6B03239-ЖУРНАЛИСТИКА

Астана қ., 2025 ж.

САРАПТАМАЛЫҚ ТОП



Топ жетекшісі:

Қасенов Сәкен Тоқанұлы, Қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қаласы.



Халықаралық сарапшы:

Павлова Людмила Ивановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, мектепке дейінгі білім беру теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, «Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университеті» ФМБ ЖББМ, Мәскеу қ., РФ



Ұлттық сарапшы:

Авакова Раушангул Амирдиновна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Тіл теориясы және түркітану кафедрасының меңгерушісі, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қаласы.



Студенттер өкілі:

Колбоев Болат Рахметович, «Математика» білім беру бағдарламасының 1 курс докторанты, «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» Ке АҚ, Шымкент қ.

IQAA ҮЙЛЕСТІРУШІСІ

Тажибаева Гаухар Баранбаевна, Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі, жоғары оқу орындары мен ҒЗИ аккредиттеу департаменті, сараптама тобының үйлестірушісі

Сараптамалық топтың есебі IQAA-ның зияткерлік меншігі болып табылады. Ақпаратты кез-келген пайдалануға IQAA сілтемесі болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Авторлық құқықты бұзу құқықтық жауапкершіліктің басталуына әкеледі.

**6B03239 ЖУРНАЛИСТИКА ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӘР
СТАНДАРТ БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБНІҢ НАҚТЫ
ЖАҒДАЙЫНА СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ**

Стандарттар	Әрбір стандарт бойынша өзін-өзі бағалау есебінің университеттегі нақты жағдайға сәйкестік деңгейін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Елеулі сәйкестік	Жартылай сәйкестік	Сәйкессіздік
<i>Стандарт 1</i> Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты	+			
<i>Стандарт 2</i> Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау	+			
<i>Стандарт 4</i> Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	+			
<i>Стандарт 5</i> Профессор-оқытушылар құрамы		+		
<i>Стандарт 6</i> Оқу ресурстары және студенттерді қолдау	+			
<i>Стандарт 7</i> Қоғамды ақпараттандыру	+			

МАЗМҰНЫ

1-ТАРАУ. САПАР МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Кіріспе	6
Университеттің негізгі сипаттамалары.....	6
2-ТАРАУ. САРАПТАУ ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ЕСЕБІ	9
Стандарт 1	
Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапа қамтамасыз ету саласындағы саясаты	9
<i>Стандарт 2</i>	
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару	12
<i>Стандарт 3</i>	
Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау.....	15
<i>Стандарт 4</i>	
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	19
Стандарт 5	
Профессор-оқытушылар құрамы	21
<i>Стандарт 6</i>	
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау.....	24
<i>Стандарт 7</i>	
Қоғамды ақпараттандыру.....	25
3-ТАРАУ	
ҚОРЫТЫНДЫ	27
ҚОСЫМШАЛАР	28
<i>Қосымша 1</i>	
Сыртқы сапар бағдарламасы	
<i>Қосымша 2</i>	
Барлық сұхбатқа қатысушылардың тізімі.....	32
<i>Қосымша 3</i>	
Университетте қосымша қаралған құжаттар тізімі	38



IQAA сыртқы аудит есебі

ҚР БЖҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ХҚТУ - Халықаралық қазақ-түрік университеті

ЖОО - Жоғары оқу орны

ПОҚ - Профессорлық-оқытушылық құрам

БББ - Білім беру бағдарламасы

МАК - Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы

МЖМБС - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ЖОЖ - Жеке оқу жоспары

ҚОТ – Қашықтықтан оқыту технологиясы

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары

1 ТАРАУ

САПАР МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Кіріспе

2025 жылғы 23-24 сәуір аралығында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде бағдарламаны аккредиттеу рәсімі аясында сарапшылық топтың сыртқы сапары өтті.

Сыртқы аудит IQAA агенттігі әзірлеген және университетпен келісілген бағдарламаға сәйкес өтті. Комиссия жұмысына қажетті барлық материалдар: сапар бағдарламасы, бағдарламаларды аккредиттеу аясындағы өзін-өзі бағалау есебі (қосымшаларымен), әңгімелесуге қатысушылардың тізімі, сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулық, этика кодексі сараптамалық топ мүшелеріне білім беру ұйымындағы жұмысты бастамас бұрын сыртқы бағалау рәсіміне уақтылы дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етуге жағдай туғызылды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің өзін-өзі бағалау есебі бағдарламаны аккредиттеу стандарттарына сәйкес ұсынылған ақпараттың жеткілікті көлемін қамтиды.

Сыртқы сарапшылық топтың сапары бағдарламаға сәйкес визуалды тексеру оффлайн және онлайн режимінде жүргізілді, бұл комиссия мүшелеріне университеттің оқу, тәрбие және ғылыми процестерінің ұйымдастырылуын, материалдық-техникалық базасын, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау және ұйымдастыру аккредиттеуге қатысушы білім бағдарламасы жайлы жалпы түсінік алуға мүмкіндік берді. ПОҚ, студенттер, түлектер және жұмыс берушілермен кездесулер өткізілді. Сарапшылар құрылымдық бөлімшелер: тіркеуші кеңсесі, ХҚО, ақпараттық технологиялар бөлімі, мансаптық өсу және жұмыс берушілермен байланыс орталығы, кітапхана, мұражай, Х.А. Ясауи атындағы клиникалық-диагностикалық орталыққа тексеру жүргізді.

Сыртқы аудит жүргізу барысында сарапшылар құжат айналымымен, оқу-әдістемелік, ғылыми-техникалық қамтамасыз етумен, университет веб-сайтымен, оның навигациясы мен мазмұнымен, сондай-ақ әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында және т.б. электрондық ресурстарда өкілдік етуімен көбірек танысу мақсатында университет пен кафедралардың нормативтік құжаттамаларымен қарап танысты.

Жоспарланған сыртқы сапар шаралары университет құрылымымен, оның қызметімен егжей-тегжейлі танысуға септігін тигізді және сарапшыларға өзін-өзі бағалау туралы есеп деректерінің университеттегі нақты жағдайға сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Университеттің негізгі сипаттамалары:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қызметі «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы келісім туралы» 2009 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы негізінде, Түркия Республикасы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қызметінің шарттары туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 531-IV Келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы Заңы аясында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы, сондай-ақ Университет Жарғысына және Үкіметаралық Өкілетті Кеңес қабылдаған шешімдерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы мемлекеттерінің арасындағы қолданыстағы ұлттық заңнамаларына сәйкес келісімімен жүзеге асырылады.

2021 жылдың 9 наурызынан бастап Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры (президенті) қызметін п.ғ.д., Халықаралық көшбасшылар қауымдастығының мүшесі, IА, АҚШ (2007 жылдан бастап), Tillotoma Foundation халықаралық талдау орталығының құрметті мүшесі (ғылым саясаты бөлімінде) (2020 жылдан бастап) Ж.А.Темірбекова атқарады.

Бүгінгі таңда университет өзін заманауи көпсалалы университет ретінде көрсетті, жеткілікті материалдық-техникалық база жасалды, оқу корпустары бар университет қалашығы (кампус) салынды, кітапхана, жатақхана, көп деңгейлі мамандар даярлау жоғары негізгі білім (бакалавриат), магистратура, интернатура, резидентура және докторантура жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта университетте 1000-нан астам оқытушы жұмыс істейді, орташа дәреже 50%. Қазіргі таңда профессорлар-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) және әкімшілік персоналының шамамен 5%-ын Түркиядан келген мамандар құрайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 қаңтардағы Жарлығымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне ерекше мәртебе берілді.

Университет құрылған жылдар ішінде Түркістан қаласының қала құраушы нысанына айналып, облыстың білім, ғылым, мәдени, әлеуметтік әлеуетін арттыруға зор ықпал етті.

Университет жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында 85 мыңнан астам жас мамандарды, соның ішінде алыс және жақын шетелдерден келген мамандарды дайындап шығарды, олар бүгінде өз Отанының игілігі үшін жемісті еңбек етуде.

Ахмед Ясауи университеті – мәдениеттер диалогы және жастарға ұлтаралық толерантты тәрбие беретін түркі әлеміндегі бірегей университет, өйткені университет интернационаландырудың ең жоғары деңгейлерінің біріне ие: 1415-тен астам студент (шамамен 14%) 17 елдің 42 ұлтының өкілі. Университетте 10 мыңнан астам студент қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде білім алады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 2018-2021 жылдар аралығында Түркі әлемі университеттер одағына төрағалық етті. Университет төрағалығы кезінде жас көшбасшылардың І форумы, «Түркі әлемінің алтын бесігі – Түркістан» халықаралық жастар форумы, халықаралық «Жазғы мемлекеттік басқару мектебі», Түркология ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырған ІХ Түркітанушылар конгресі және т.б. сынды ауқымды шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Айта кетейік, Түркі әлемі университеттер одағы 2013 жылы Түркі кеңесімен құрылған. Қазіргі уақытта Одақта Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және Венгриядан 40-тан астам университет мүшесі бар.

2023 жылы Ахмет Ясауи университеті QS World University Rankings рейтингінде 714-орынға ие болып, алғаш рет әлемнің үздік 1000 университетінің қатарына енген. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Ахмет Ясауи университеті QS World University Rankings рейтингінде 1449 университеттің ішінде 787-орынға ие болып, әлемдегі ең үздік 1000 университеттің жалпы позициясын сақтай алған.

Ахмет Ясауи университеті 2024 жылдың басында Quacquarelli Symonds (QS): Asia University Rankings рейтингі бойынша Азия континентіндегі 686 университет арасында позициясын жақсартып 203-ші орынды иеленген. 2024 жылы Ахмед Ясауи университеті Quacquarelli Symonds (QS): Asia University Rankings (2023 жылы 10-орын) бойынша Орталық Азиядағы университеттер санатында 7-орынға ие болған.

«Әлем университеттерінің Webometrics Ranking» рейтингінде Ахмет Ясауи университеті 2022 жылы әлемдік университеттер арасында 4595 орын, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасында 5 орын, 2023 жылы әлем университеттері арасында 4845 орын, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасында 9 орында.

Университет мекенжайы:

161200 Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы,

Түркістан қаласы, Б. Саттарханов даңғылы, 29Б

Тел.: 8(72533) 6-38-48

Факс: 7(72533) 6-38-49

E-mail: rector@ayu.edu.kz

2 - ТАРАУ

1-СТАНДАРТ. «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ»

Дәлелдемелер мен талдау:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сапаны қамтамасыз ету саясаты мен академиялық адалдық ұстанымдары оқу орнының 2026 жылға дейін арналған Стратегиялық даму жоспарына, университеттің Академиялық саясатына және басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес реттелген. Ол құжаттар өз кезегінде ҚР «Білім туралы» Заңынан бастап, жиыны отыз құжатты басшылыққа алып жасалған. Сапа саласындағы саясат университеттің стратегиялық жоспарында айқындалған миссиясына, стратегиялық талдау нәтижелері мен даму бағыттарына сай. ЖОО-ның сапа саласындағы саясаты барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімді. Университет сайтында орналастырылған.

Оқу орнында үздіксіз сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялар жұмыс істейді (2020 жылғы 15 қыркүйектегі №03/54 өкім). Бұл комиссиялар факультеттерде сапаны қамтамасыз ету қызметін ұйымдастыруды, жүзеге асыруды және бағалауды қадағалайтын алқалы органдар болып табылады. Оның құрамына оқытушылар, студенттер, магистранттар, докторанттар және университеттің басқа да академиялық қызметкерлері кіреді. Филология факультетінің комиссия құрамы басқалардың қатарында ЖОО-ның оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президентімен бекітілген. Филология факультетінің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның қызметін үйлестіру мен біріздендіруді, анықталған университеттік қызметтерге ортақ мәселелерді академиялық комитетте, университет Сенатында талқылай отырып, қажетті басқарушылық шешімдер қабылдауды қамтамасыз етуді академиялық мәселелер жөніндегі Департамент жүзеге асырады.

Академиялық адалдық мақсатты тексеру нысанының білім беру үдерісінің негізгі құндылықтарының бірі болып табылады. Сапаны қамтамасыз ету саясаты академиялық адалдық, еркіндік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру принциптерін көрсетеді. Ол төмендегі «Этикалық және тәртіп комиссиясының ережелеріне», Ахмет Ясауи университетінде жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру ережесінің талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі. 2023 жылдың желтоқсанында тәуекел-менеджер лауазымы және комплаенс-дереккер лауазымы бөлінген.

Университетте білім берушілер мен білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы «нөлдік» төзімсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған бірқатар тетіктер жұмыстар істейді. Ол үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі қоғамдық комиссия, ақпараттық орталықтар (ректордың, институт директорларының блогтары

мен форумдары, сенім телефоны, сенім жәшігі) құрылған. Университеттің Жастар саясаты департаменті «Сыбайлас жемқорлықсыз сессия» жастар акциясын, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен түрлі шараларды жүйелі ұйымдастыратыны көрінді. Құқықтық сауаттылық арттыру пәндері оқытылады.

Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында Платонус автоматтандырылған ақпараттық жүйесі жұмыс жасайды, бұл бағалауды бақылаудың барынша ашық болуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

ББ-да білімгерлерге академиялық адалдық саясатын түсіндіру жұмыстары сессияның алдында ұдайы жүргізіледі. Университетте барлық жазбаша жұмыстарды, соның ішінде студенттердің ғылыми жобаларын, дипломдық жұмыстарын тексеруге арналған бағдарламалық жүйе (StrikePlagiarism.com) қолданылады.

Бұзушылық орын алған әрбір академиялық адалдық қатаң есепке алынып, осындай жағдайлар туралы факультет декандары хабардар етіледі. Факультет декандары академиялық адалдықты қайталап бұзған білім алушыларды Этикалық және тәртіптік комиссиясына шара қолдануға ұсынады. Оқудың барлық академиялық кезеңінде академиялық адалдықты қайталап бұзу білім алушыны университеттен шығаруға негіз болады.

Ахмет Ясауи университетінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттеріне арналған Ар-намыс кодексі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің Корпоративтік мәдениет кодексі, Академиялық адалдық кодексі бар

Ол сәйкестікке БББ құжаттарымен, университеттің стратегиялық жоспарымен танысу барысында және сараптамалық жұмыстарды жүргізу кезінде көзіміз жетті.

Оқу орнында 6В03239-«Журналистика» БББ-ға маман даярлау 1994 жылдан жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасы бойынша маман шығарушы «Журналистика» кафедрасы болып табылады. Кафедра БББ-ны штаттық кестеге сәйкес он төрт оқытушымен қамтамасыз етеді. Оның сапалық құрамы: ВАК профессоры-1, ғылым кандидаты -4, аға оқытушы – 6, оқытушы – 4.

6В03239-Журналистика Білім беру бағдарламасының құрылымына мыналар кіреді:

- білім беру бағдарламасының төлқұжаты;
- құзыреттер/профильдер картасы;
- білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптасқан оқыту нәтижелеріне қол жеткізу арасындағы байланыс;
- оқу процесін ұйымдастыру;
- білім беру бағдарламасының технологиялық картасы;
- оқу нәтижелерін бағалау критерийлері;
- Жоғары білім беру бағдарламасының негізгі оқу жоспары.

Университеттің халықаралық мәртебесіне байланысты бакалавриат бағдарламаларында «Түрік тілі» модулі (пәні) университеттің міндетті компоненті болып табылады.

Студенттермен, профессорлық-оқытушылық құраммен және құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерімен сұхбат барысында олардың барлығы 6B03239 «Журналистика» білім беру бағдарламасының модульдік кешенімен жеткілікті деңгейде танысқандығы анықталды. Білім алушылар да, түлектер де БББ шеңберіндегі құзыреттілік талаптарын және бітіруші моделін толық біледі.

Студенттердің жеке жұмыс жоспары оқу жоспары негізінде жеке білім беру траекториясының модульдерін таңдау арқылы жүзеге асырылады. Ол студенттердің қалауы бойынша ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылады. Жеке білім беру траекториясын құру кезінде студенттер типтік оқу жоспарының талаптарын, элективті пәндер каталогының мазмұнын және академиялық күнтізбені басшылыққа алады.

Кәсіптік практика оқу практикасына, өндірістік практикаға және диплом алдындағы практикаға (бұдан әрі—практика) бөлінеді. Аптасына практиканың ұзақтығы 30 сағатты құрайды (5 күндік жұмыс аптасы үшін күніне 6 сағат) және студенттің практика кезіндегі стандартты жұмыс уақытына байланысты апталармен анықталады. Яғни, кредитпен есептелетін 1 апталық практика 30 сағатқа тең болғандықтан, практиканың барлық түріне 1 апта 1 кредит болып есептеледі. Практика академиялық күнтізбеде белгіленгендей семестр бойы үздіксіз ұйымдастырылуы мүмкін, кредиттік сағаттардың саны сәйкесінше 15 апта бойына бөлінеді.

Кафедра жанында №518, №705, №705а, №702, №706 жабықталған оқу аудиториялары мен кабинеттері, телестудия, радиостудия бар. Барлық аудиториялар мен кабинеттер проекторлармен, компьютерлермен, маркерлі және интерактивті тақталармен жабдықталған.

Жылма-жыл білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриат пен магистратура дайындау кезінде еңбек нарығының қажеттілігін есепке алу мақсатында жұмыс берушілерге сауалнама жүргізіліп отырады.

ЖОО-да құрылған білім алушыларға Қызмет көрсету орталығы оқу үдерісінің мейілінше ақпараттық ашықтығы мен өзара сыйластық мәдениетін қалыптастыру, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбейтін орта құру мақсатында құрылған.

Сыртқы сарапшылар ЖОО-ның жеткілікті материалдық-техникалық базасының, мамандандырылған зертханалар мен кабинеттердің, ақпараттық технологиялар мен ресурстарды дамытудың жоғары деңгейінің, кафедраның іс-тәжірибе базаларының болуы, практик қызметкерлерді оқытуға тарту, ПОҚ біліктілігін тұрақты арттыру, мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын студенттердің болуы, академиялық ұтқырлық бағдарламаларының ұдайы жүзеге асуы университеттің білім берудегі сапа мен адалдық саясатын қамтамасыз етуге толық кепіл болады деп санайды.

Білім беру бағдарламаларының бірінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік.

2-СТАНДАРТ. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ, АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ

Дәлелдемелер және талдау:

Оқу орнында білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекітуді, олардың нормаларын сақтауды реттейтін белгіленген және қолданыстағы нормативтік құжаттар бар. Университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту Академиялық саясат пен Білім беру бағдарламасын дайындау және жанарту ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады. БББ бағытының коды мен атауы реестрге сәйкес. БББ модульдік кешенінің мазмұны мен құрылымы Балон үдерісі мен ҚР БЖҒМ талаптарына сай. БББ әзірлеуде арнайы жұмыс тобы қызмет атқарады, топ құрамына кафедра меңгерушісі, тәжірибелі оқытушылар, жұмыс берушілер тарапынан тәжірибелі мамандар, білім алушылардың өкілдері тартылған. Аудит барысында олардың бірқатарларымен сұхбаттар өткізілді.

6B03236-«Журналистика» БББ модульдік кешенінде қолданыстағы стандарттарға негізделген және Дублин дескрипторларымен, еуропалық және ұлттық біліктілік шеңберлерімен үйлестірілген, жұмыс берушілердің ұсынымдарына сәйкес келтірілген, студенттердің, түлектердің пікірін, еңбек нарығының сұранысын, университеттің миссиясын ескере отырып, болашақ маманның құзыреттілік моделі жасалған, оқыту нәтижелерін анықталған. Білім беру бағдарламасы сұранысқа ие, себебі жұмысқа орналастыру деңгейі 85%-ды құрайды. Бұл БББ дамыту жоспарының ұзақ мерзімді шараларына сәйкес келеді.

Болашақ маманның құзыреттілік моделін қалыптастыратын және оқыту нәтижелеріне қол жеткізетін БББ мазмұны құрылымдық элемент ретінде модульге сәйкес әзірленген. Модульдер арасындағы логикалық байланыс ескерілген және пәндерді кешенді оқыту кезінде оқу материалдарының қосарланбауы қамтамасыз етілген.

6B03239-«Журналистика» білім беру бағдарламасының құрылымына мыналар кіреді:

- білім беру бағдарламасының төлқұжаты;
- құзыреттер/профильдер картасы;
- білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптасқан оқыту нәтижелеріне қол жеткізу арасындағы байланыс;
- оқу процесін ұйымдастыру;
- білім беру бағдарламасының технологиялық картасы;
- оқу нәтижелерін бағалау критерийлері;
- Жоғары білім беру бағдарламасының негізгі оқу жоспары.

БББ еңбек сыйымдылығы сақталған. 6B03239-«Журналистика» білім беру бағдарламасының жалпы еңбек сыйымдылығы 240 кредитті құрайды. Оның ішінде: міндетті компонент – 51 кредит, таңдау бойынша – 5 кредит, базалық пәндер циклі – 118 кредит, базалық пәндер циклі – 36 кредит, диплом алдындағы практика – 2 кредит, негізгі пәндер циклі – 20 кредит, қорытынды аттестаттау – 8 кредит.

Негізгі бейіндік модуль болашақ бакалаврда мамандық бойынша іргелі білімді қалыптастыруға бағытталған. Жеке траектория модулі кәсіби қызметке қатысты арнайы құзыреттер тізімін анықтайды.

Университеттің халықаралық мәртебесіне байланысты Өкілетті Кеңестің шешімімен «Түрік тілі» модулі (пәні) (10 кредит) ЖОО-ның міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, ЖОО-дағы университеттің халықаралық мәртебесіне байланысты ЖОО компонентінің құрамына «Түркі мемлекеттерінің тарихы», «Ясауитану», «Ататүрік принциптері» пәндері енгізілген.

Білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың маңызды тетігі оқытудың дуальды формасы болып табылады. Дуальды оқыту жүйесі – оқу орнындағы теориялық оқытуды өндірістік кәсіпорындардағы практикалық оқытумен ұштастыра отырып, кадрларды даярлауға байланысты өзекті мәселені шешудің жолы. Дуальды білім беру жүйесінің негізгі қағидаттарына сәйкес кадрларды дайындау сапасына оқу орындары мен кәсіпорындар үшін жауапкершілік тең. Дуальді оқыту нәтижесінде студенттер теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастырып, кәсіби біліктілігін арттырып, еңбек нарығында сұранысқа ие маман болуға мүмкіндік алды.

Бұл тұрғыда 6B03239-«Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді дуальды оқыту үдерісін ұйымдастыру мақсатында Телеарнамен келісімдер жасалған (*Студенттердің дуальды оқыту үдерісін ұйымдастыру туралы №23/3962 келісімшарт, 26.10.2,23 ж.*). Бұл ретте Түркістан қаласының «Turkistan Media Holding» ЖШС-де сабақ кестесіне сәйкес өткен «Тележурналистика» пәнінен дәріс берген, «Turkistan» телеарнасының басқарушы директоры, магистр Ж.Ж.Алдабергенованың сабақ барысына куә болдық. Сабақ тақырыбы тележурналистикада жасанды интеллекті пайдалануға арналып, білімалушылар үшін аса қызығушылық тудырғанын көрдік. Заманауи соңғы үлгімен салынған «Turkistan» телеарнасының ғимараты, оның озық материалдық-техникалық жабдықталуы, өңірлік коммуникация алаңы – барлығы білімалушылар үшін ерекше кәсіби ауан тудырады.

БББ игерудегі теориялық білімді тәжірибеге ұластырудың міндетті кезеңі - практикадан өту. Кафедра практика базаларының тізімін қалыптастыруға шынайы көңіл бөледі, білім алушылардың практикасын ұйымдастыруға жауапкершілікпен қарайтын ұйымдарды мұқият таңдайды. Кафедрада практиканың барлық түрлері іс-тәжірибені ұйымдастырудың академиялық күнтізбесіне сәйкес уақытылы өткізіледі.

Аптасына практиканың ұзақтығы 30 сағатты құрайды (5 күндік жұмыс аптасы үшін күніне 6 сағат) және студенттің практика кезіндегі стандартты жұмыс уақытына байланысты апталармен анықталады. Яғни, кредитпен есептелетін 1 апталық практика 30 сағатқа тең болғандықтан, практиканың барлық түріне 1 апта 1 кредит болып есептеледі. Практика академиялық күнтізбеде белгіленгендей семестр бойы үздіксіз ұйымдастырылуы мүмкін, кредиттік сағаттардың саны сәйкесінше 15 апта бойына бөлінеді.

Тәжірибенің барлық түрлерінің бағдарламалары Журналистика кафедрасында әзірленіп, факультет деканы және тағылымдама базаларының жетекшілерімен бекітіледі.

Көпшілік жағдайда білімалушылар практикадан өту орны бойынша одан әрі қарай жұмысқа орналасады. Оған «Түркістан» газетінің редакциясы мен «Түркістан» телеарнасына барған кезде көз жеткіздік. Бұл мекемелер қызметкерлерінің 80-90% ХҚТУ Журналистика кафедрасының түлектері болып келеді. Сұхбат барысында «Түркістан» газетінің директоры М.Дәулетов пен «Түркістан» телеарнасының басқарушы директоры Ж.Ж.Алдабергенова бұны растап айтты. Сондай-ақ ұжыммен танысу барысында да бұған көз жеткізе алдық.

Практика түрлері бойынша іс-тәжірибені ұйымдастыру жөніндегі практика базалары мен университет арасындағы екі жақты және студенттермен арадағы үш жақты шарттар жасалған (*«Түркістан Медиа» ЖШС («Түркістан» газеті) жасалған келісімшарт, №23/625, 20.04.2,23 ж., Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ мен Түркия Телерадио Корпорациясы Бас дирекциясы (ТРТ) арасында жасалған ынтымақтастық хаттамасы, 01.01.2024 ж.*). Бұл ретте шетелде, атап айтқанда Түрік Республикасының астанасы Анкара қаласындағы TRT-да 4-курс білімалушылары Ж.Б.Шалхарбек пен Б.Е.Тілеуберген 03.03. – 29.03. 2025 жылы өндірістік практикадан өткенін атаған орынды.

Кафедраның барлық пәндері бойынша электронды және қағаз тасымалдағыштардағы пәндердің оқу-әдістемелік кешендері әзірленген, онда курсты оқу үшін барлық қажетті оқу-әдістемелік материалдар ұсынылған. Силлабустар білім алушыға қажетті барлық құрылымдық бөлімдерді (*құзыреттер, БББ-ның оқыту нәтижелері, пәннің оқыту нәтижелері, пәнді оқыту жоспары, пәнді оқыту әдістері, білімді бақылау кестесі, оқыту нәтижелерін ағымдық, аралық аттестаттауды бағалау критерийлері, пән мазмұнына керек әдебиеттер тізімі және т.б.*) қамтиды. Студенттерге толыққанды пәнді игеруге қатысты мәліметтер мен ақпараттарды бере алады.

Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы, жұмыс берушілер БББ-ны жасауға және жетілдіруге белсенді қатысады. Кафедрада 6В03239-«Журналистика» білім беру бағдарламасын дамыту жоспарына сәйкес (*№1, 02.09.2024 жылғы хаттамен бекіген*), БББ-ны дамытуға қатысты бірқатар шаралар жоспарланған. Атап айтқанда, жұмыс беруші мекемелермен байланысты жетілдіру, тұтынушылардың сұраныстарын анықтау, кәсіби іс-тәжірибелердің сапасын арттыру, халықаралық талаптарға сәйкестендіру,

заманауи оқу-техникалық құралдарымен қамтамасыз ету, ғылыми зерттеу жұмыстарын оқу үдерісіне енгізу және т.б.

Оң тәжірибе:

А.Ясауи атындағы ХҚТУ 6В03239-«Журналистика» БББ-ы білімалушыларының Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өндірістік практикадан өтуі бұл бағытта маман даярлайтын қазақстандық басқа да ЖОО-лар үшін тәжірибеге аларлық.

Ұсыныс: ОП құрылымына minor-бағдарламалар жүйесін әзірлеу және енгізу бойынша кешенді жұмысты бастау ұсынылады. Сондай-ақ дуальды оқыту моделін жүйелі түрде дамыту бастамасын көтеру ұсынылады.

Білім беру бағдарламаларының екінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

3 - СТАНДАРТ. «СТУДЕНТКЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ»

Дәлелдемелер және талдау:

Білім алушылардың оқу жүктемесі оның жеке бас қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларының барлық компоненттері мен элементтерін студенттің жеке оқу жоспарларында толық көрсету арқылы жасалады. Пәнге жазылу студенттердің таңдау еркіндігін сақтай отырып, офис тіркеушілері және эдвайзерлердің қолдауымен жүргізіледі. Оқу жетістіктері апта сайын бағаланады, бағалау саясаты мен рәсімдері силлабустарда көрсетілген. Қорытынды аттестациялау нәтижелерін білім алушылар апелляцияға бере алады.

Жалпы, ЖОО-дағы оқу үдерісіне студентке бағдарланған оқыту әдістерін енгізу төмендегі мәселелердің шешімін берген:

- әр пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылар мен оқытушылардың еңбек шығындарын бағалауға арналған академиялық кредиттер жүйесі;
- білім алушылардың ЖОЖ-ны қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін элективті пәндер каталогына енгізілген пәндерді және (немесе) модульдерді таңдау еркіндігі құрылады.

Университет үшін пәндерге тіркелу кезінде төмендегі жайлар қамтамасыз етіледі: білім алушылардың оқытушыны таңдау еркіндігі; оқу процесіне білім алушылардың білім беру траекториясын таңдауына ықпал ететін эдвайзерлердің қызметін пайдалану; білім алушылардың білім беру траекториясын таңдауына ықпал ету; дуалды оқыту; оқытудың интерактивті әдістері қолданылады; БББ-ны игеру кезінде студенттердің өзіндік жұмысына басымдық беру; оқу үдерісін ұйымдастыруда және университет үшін БББ

қалыптастыруда факультет пен кафедралардың академиялық еркіндігі қамтамасыз ету; оқу процесі қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету; оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістерін қолдану; нәтижелерді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін қолдану.

Білім алушылардың әдістемелік инновацияларға қанағаттануы сауалнамалар негізінде айқындалады. Инновациялық әдістер мен оқыту құралдарының қолданыстағы базасын жетілдіру жолдары кафедра отырыстарында және факультеттің академиялық комитетінің отырыстарында үздіксіз қарастырылып отырады.

1 курсқа түскен студенттердің бейімделуі үшін бағдарлы апта өткізіледі, онда факультет деканы, кафедра меңгерушісі және эдвайзерлер кредиттік технология ережелері, аудару және есептеу ережелері туралы кіріспе сабақ өткізеді, кафедрамен, университеттің Жарғысымен, тәртіп, жатақханада тұру ережелерімен, жұмыс жасайтын үйірмелермен, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары, кітапхананың жұмысы, оқу залдарын пайдаланушылардың нұсқаулықтарымен және анықтамалық-жолсілтегіш, ақпаратты электрондық іздеу жүйесі, абонементімен және білім алушының мінез-құлқын реттейтін ішкі нормативтік құжаттармен таныстырады. Білімді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесінің талаптары мен баға қою стратегиясының түсіндіреді.

2022-2023 оқу жылына дейін ЖОО «Platonus» ААЖ-сінде жұмыс істесе, 2022 қыркүйегінен бастап университет жаңа АҮУ portal автоматтандырылған жүйесіне ауысқан. Ол білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеуді, ағымдағы бақылау қорытындыларын шығаруды, оқытушылардың білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауын, онлайн-сауалнама жүргізуді және т.б. қамтамасыз етеді. Білімді бақылау жүйесі толығымен ашық, ал үлгерімнің барлық нәтижелері декандарға, декан орынбасарларына, факультет әдіскерлеріне, кафедра меңгерушілеріне онлайн қарау үшін қолжетімді. «АҮУ Portal» негізіндегі білім беру ортасы оқу процесін басқаруға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар білім беру инновацияларын іске асыруға, оқыту әдістері мен нысандарын пайдалануды кеңейтуге ықпал етеді. АҮУ portal-Е-дегі барлық үлгерімдердің электрондық журналында бақылаудың нәтижелерін ұсына отырып, білімді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі жұмыс істейді.

БББ бойынша қашықтықтан білім беру қарастырылған. Ол ҚОТ бойынша оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру ережелері талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Университетте ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік және ұйымдастыру материалдары білім беру порталының ақпарат парақтары арқылы жүзеге асырылады. Білім беру порталында әрбір пән бойынша оқу-әдістемелік кешен, цифрлық контент және силлабустар жүктелген.

Пәнді оқытуға енгізілген практикалық сабақтар дәрісте жинақталған түрде алынған білімді тереңдетуге, кеңейтуге, нақтылауға; қазіргі заманғы әдістер мен тәсілдерді қолданудың практикалық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға; оқу пәнінің нақты тақырыбы бойынша әдебиет көздерін

зерделеуге және талдауға бағытталған. Оқу жоспарында практикалық сабақтарға маңыз беру байқалады.

Білім беру бағдарламасын жобалаудың негізінде студентке бағдарланған кешен жатыр, ол оқытудың жеке траекториясы, құзыреттер, оқыту нәтижелері, ECTS және т. б. сияқты санаттармен ерекшеленеді.

Академиялық үлгерім талаптарын орындай алмайтын студенттер академиялық қолдау алады. Кафедраның ПОҚ білім алушылардың үлгермеуінің алдын алу шараларын қабылдайды: әр сабақтың тиімділігін арттырады; оқуға деген танымдық қызығушылықты және жағымды себептерді қалыптастырады; студентке жеке көзқарасты қамтамасыз етеді; тапсырмалардың сараланған жүйесін әзірлейді.

Семестр бойы оқытушылар қарыздардың алдын алу мақсатында қосымша кеңестер өткізеді, науқастануы бойынша сабақтарды өткізіп алған жағдайда және тиісті ұйымның құжатымен расталған науқастануы немесе басқа да дәлелді себептер бойынша белгіленген мерзімде емтихан сессиясын тапсырмаған білім алушылар қосымша сабақтар қабылдайды, сессия белгіленген тәртіппен ұзартылады. Жазғы семестр кезінде қарызын жоймаған және ауысу балын ала алмаған білімгер қайта оқу курсына ақылы негізде қалдырылады. Университет білім алушылардың шағымдарын студенттік ректорат, студенттік кәсіподақ, шығарушы кафедраның эдвайзерлері, деканат, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, ректор деңгейінде қаралады. Шағымдарды және ұсыныстарды қарау ректорға тікелей пошта, виртуалды қабылдау, ректор мен проректорлардың белгіленген қабылдау сағаттары арқылы жүзеге асырылады.

Университетте студенттердің Ар-намыс кодексін сақтау және оқуға, баға алуға деген адалдыққа «нөлдік төзімділік» қағидасы қалыптасқан.

ЖОО-да емтихан сессиясы Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесіне сәйкес өткізіледі. Емтихандарды қабылдау кемінде екі оқытушының қатысуымен өткізіледі.

Білімгерлердің университетке түсу кезінде жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімделуі көп жағдайда жалпы білім беру процесінің тиімділігін анықтайтын негізгі фактор болып табылады. Жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу процесі оқу қызметі шеңберінде де, аудиториядан тыс іс-шаралар кезінде де жүреді, бұл сөзсіз осы процесті жеделдетуге ықпал етеді, сонымен қатар сөйлеу және әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырады.

Шетелдік студенттер көп ұлтты топтарда оқиды, бұл шетелдік студенттің жаңа әлеуметтік-мәдени өмірге сәтті бейімделуіне ықпал етеді. Жатақхана мәселесі шетелдік студенттердің әлеуметтік бейімделуінде ерекше орын алады. Жатақханада басқа елдердің студенттерімен бір бөлмеде тұру шетелдіктерге жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға тез бейімделуге көмектеседі және толеранттылық, өзара сыйластық, жаңа тілдерді, басқа елдердің мәдениетін тез меңгеру қабілеті сияқты қасиеттерді дамытады.

Сонымен қатар, көшпелі экскурсиялар, театрға, спорттық ойын-сауық орталықтарына бару ұйымдастырылады. Экскурсиялар шетелдік студенттерді жаңа ортаға бейімдеудің құралы ретінде қарастырылған. Жыл сайынғы «Ұлттық тағамдар» байқауында қонақтар мен қатысушыларға студенттердің өздері дайындаған ұлттық тағамдар көрсетіледі және ұсынылады.

Университет барлық білім алушыларға спортпен белсенді айналысу үшін арнайы жағдайлар жасайды, студенттердің дарынды топтары олимпиадаларға, халықаралық, республикалық, облыстық спорттық жарыстарға қатысады.

Студенттердің ҒЗЖ оқу үдерісі аясындағы жұмысты – ғылыми зерттеу элементтерімен жұмыстарды орындауды, ғылыми баяндамалар, рефераттар, дипломдық жұмыстар және т.б. дайындауды, сондай-ақ студенттік ғылыми үйірмелер, оқу үдерісінен тыс клубтар құрамында орындалатын жұмыстарды қамтиды. Университетте жыл сайын ғылыми-техникалық іс-шаралар өткізіледі. Атап айтқанда, «Студенттердің ғылыми-инновациялық шығармашылығы: тәжірибе және зерттеудің басым бағыттары» атты дәстүрлі студенттік ғылыми конференциясы, студенттік ғылыми семинарлар, дөңгелек үстелдер, студенттік ғылыми жобалар конкурстары, пәндік олимпиадалар және т.б.

2024-2025 оқу жылында желтоқсан айында студенттердің кезекті XXXIII ғылыми-теориялық конференциясы өтіп, нәтижесінде «Журналистика» БББ 4-курс студенті Тәжібай Назерке «Дрондар және медиа индустрия» тақырыбы бойынша университеттің 1 дәрежелі Дипломымен марапатталған. Жетекшісі - магистр-оқытушы Қ. Ералиева.

Студенттер тәрбиелік сипаттағы іс-шараларға ұдайы қатысады. Бұл ретте әр түрлі мәдени-бұқаралық іс-шаралар: «Наурыз» халықтық мерекелері, «Білім күні», «Студенттерге арнау», «ЖУР-шоу», «Диплом тапсыру» дәстүрлі іс-шаралары, «Студенттік көктем» жыл сайынғы студенттік фестивалі, «Дарын» «Мисс ХҚТУ», «Бегім-сұлу МКТУ», «Махаббатсыз дүние бос» фестивальдері мен конкурстары, КТК, көптеген концерттер өткізіледі. «Мұғалімдер күні», «ҚР Тәуелсіздік күні» және т.б. атаулы күндер де аталады. Студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін шығармашылық үйірмелер, спорттық секциялар мен қызығушылық клубтары жұмыс істейді. Жатақханада да іс-шаралар жиі болып тұрады.

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті өз іс-әрекеттерінің тану туралы Лиссабон конвенциясына сәйкестігін көрсетеді, білім алушылардың академиялық ұтқырлығының нәтижелерін тану тетіктері әзірленген. Ұтқырлықты қаржыландыру университеттің шешімі және білім алушының жеке қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Университет қазақстандық жоғары оқу орындарымен және шетелдік білім беру ұйымдарымен, сондай-ақ Польша, Түркия, Өзбекстан Республикасы, Ресей Федерациясы сияқты шет елдердің ғылыми-зерттеу және басқа да ұйымдарымен келісімшарттар жасасқан. «Мевлана», «Орхун» мамандықтарының ББ Модульдер каталогына енгізілген халықаралық

аспектілер студенттердің сыртқы ұтқырлығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мысалы, Журналистика кафедрасының оқытушылары М.Байболов 23.10.-04.11.2023 ж.; С.Б.Шебнем 01.03.-01.06.2024 ж.; А.Бельдибекова 14.04.-28.04.2025 ж. Түрік Республикасының Еге университетінде сыртқы академиялық жұмылдыруда болған. Ал отыздан астам білім алушы сыртқы академиялық жұмылдыру бағдарламасы шеңберінде Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде, сондай-ақ Қырғызстанның Манас және Түркияның Еге университеттерінде оқыған.

БББ-да мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқытудың жекелеген мәселелері шешімін тапқан. ЖОО-да инклюзивтік білім беруді қолдау орталығы бар. Пән силлабустары инклюзивтік білім беру сұрақтарын қарастырады. Тірек-қимыл аппараттары шектеулі студенттердің оқу ғимараттарына көтерілуі үшін пандус орнатылған. Университет қабырғасындағы ақпараттық мәліметтер, мәселен көзі нашар көретін болмаса көрмейтін тұлғалар үшін контрасты түстермен және Брайль әріптерімен қайталанып берілген. Инклюзивті білім беруді қолдау орталығы әріптері электронды ұлғайтқыш құралдармен, есту-күшейткіш құрылғылармен жабдықталған. ЖОО сайтында көзі нашар көретін тұлғалар үшін альтернативті нұсқалар бар.

ЖОО-да студенттерге әлеуметтік қолдау бар. Қажеттілікке орай олар тегін тамақ, жатақханамен қамтамасыз етіліп, оқу ақыларына санаттарына қарай қаржылай жеңілдіктер жасалған.

Білім беру бағдарламасының үшінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

4-СТАНДАРТ. «СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАЛУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ»

Дәлелдемелер және талдау:

Жүргізілген сыртқы аудит нәтижесі ЖОО-да студенттерді оқуға қабылдаудың, олардың үлгерімін қадағалаудың, танудың және сертификаттаудың қолданыстағы заңнамалық және нормалық құжаттардың аясында комиссиялық түрде қатаң жүзеге асырылатынын көрсетеді. Атап айтқанда, 6В03239 - «Журналистика» БББ-ға университетке білім алушыларды қабылдау ҚР Білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидаларының және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Қабылдау тәртібі мен критерийлері, БББ тізбесі және оларға қатысты барлық ақпарат университет сайтының «Талапкер» бөлімінде алдын ала орналастырылады. Жыл көлемінде қабылдау комиссиясы жұмыс жасайды.

Сонымен қатар талапкерлерге қажетті барлық ақпараттар визуализацияланады және мерзімдік баспасөз беттерінде, әлеуметтік желілерде жарияланады.

Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады. Оқуға тапсыратын талапкерлерге қойылатын талаптар қатаң сақталады.

БВ03239 - «Журналистика» БББ-ға контингентті қалыптастыру мемлекеттік тапсырыс, ақылы негізде және түрік квотасы деп аталатын Өкілетті Кеңестің қаражаты есептерінен жүзеге асады.

Білім алушыларды ЖОО-ның БББ-ға тарту жүйелі жүргізілетін кәсіби бағдар жұмыстарының нәтижесінде іске асырылады. Бұл ретте кафедрада кәсіби бағдарға жауап беретін тұлға бекітілген (*профессор Б.Сердалі*). Журналистика кафедрасының кәсіби бағдарға арналған жұмыстарының жоспары бар және бекітілген (02.09.2024 ж.). Жоспарда «Журналист болғың келсе...» атты бейне-ролик түсіру, «Журналистика мамандығына шақырамыз» тақырыбында презентация әзірлеу, мамандықты жарнамалауға арналған буклеттер шығару, Түркістан облысы орта білім беру мекемелерінің мектеп бітіруші түлектерімен кездесулер, мамандыққа шақыру туралы БАҚ-та материалдар жариялау, тікелей эфирде әлеуметтік желілерде, ZOOM-да үздік түлектермен сұхбаттар ұйымдастыру және «Ақ қауырсын» шығарма бәйгесін өткізу сияқты шаралар белгіленген.

ПОҚ бекітілген кестеге сәйкес талапкерлерге білім беру бағдарламаларын оқу мазмұны мен ерекшеліктері бойынша кіріспе курстарын өткізеді. Талапкерлерлер мен мүдделі тұлғалар үшін мамандықтар анықтамалығын әзірлейді. Оқу жылы көлемінде тұрақты түрде ЖОО-ға дейінгі білім беру мекемелерінің түлектерімен кездесулер, пәндік олимпиадалар өткізіледі.

1 курсқа оқуға түскен студенттер үшін бейімдеу апталығы қарастырылған. Білім алушыларға әлеуметтік, психологиялық қолдау көрсетіледі. Сонымен қатар, төмендегідей қаржылық қолдау түрлері қарастырылған:

1. ХҚТУ білім алушыларға арналған шәкіртақылар.
2. Ақылы бөлімде оқып жүрген студенттер үшін қарастырылған қаржылық қолдау түрлері.
3. Жастарды әлеуметтік жағынан қолдау түрлері.

Университет шарттық негізде күндізгі оқу нысанындағы жоғары білім бағдарламалары бойынша оқуға түсу кезінде оқу үшін ақы төлеу жөнінде бірқатар жеңілдіктер береді:

- 1) Ерекше үлгідегі «Алтын Белгі» аттестаты болған кезде;
- 2) Бітіруші сынып оқушылары арасында жаратылыстану-ғылыми цикл пәндері бойынша ғылыми жобалар мен олимпиадалардың облыстық жеңімпаздары мен республикалық жүлдегерлеріне;
- 3) Бір мезгілде университетте отбасының бірнеше мүшесі оқыған жағдайда, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер, жетімдер, мүгедек студенттерге;
- 4) Университет қызметкерлерінің балалары үшін.

